



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

2023 жылғы шілде

2023 жылғы шілдеде жылдық инфляция 14,0%-ды құрады (маусымда – 14,6%). Азық-түлік тауарларының және азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы бір жылда тиісінше 13,5%-ға дейін (маусымда – 14,6%) және 15,0%-ға дейін (маусымда – 15,8%) баяулады, ақылы көрсетілетін қызметтердің бағасы 13,6%-ға дейін (маусымда – 13,3%) өсті.

Жылдық инфляция барлық 20 өңірде баяулады. Көрсеткіш 7 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты. Жылдық инфляцияның ең жоғарғы мәні Астана қаласында, Солтүстік Қазақстан және Ұлытау (15,4%-дан) облыстарында тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2022 шілде – 2023 шілде), %-бен

Астана қ.	15,3	15,4	Түркістан	15,7	13,9
Солтүстік Қазақстан	14,8	15,4	Қостанай	15,0	13,8
Ұлытау	15,7	15,4	Жамбыл	14,0	13,7
Ақмола	16,0	14,7	Батыс Қазақстан	15,0	13,7
Маңғыстау	17,9	14,6	Қарағанды	15,3	13,7
Жетісу	14,9	14,3	Шымкент қ.	14,4	13,6
Алматы қ.	14,9	14,2	Абай	15,5	13,4
Шығыс Қазақстан	15,6	14,0	Павлодар	14,7	13,4
Қызылорда	14,7	14,0	Ақтөбе	15,4	13,2
Қазақстан Республикасы	15,0	14,0	Алматы	13,4	12,7
			Атырау	16,0	11,8

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда **азық-түлік** тауарлары ел бойынша деңгейден (13,5% ж/ж) жоғары Ұлытау облысында (16,9%), Астана қаласында (16,7%), Маңғыстау (15,7%), Солтүстік Қазақстан (15,1%), Қызылорда (14,8%), Ақмола және Абай (14,3%-дан), Қарағанды (14,2%), Қостанай (14,1%), Жамбыл (14,0%), Шығыс Қазақстан және Жетісу (13,9%-дан), сондай-ақ Батыс Қазақстан (13,7%) облыстарында қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы елдегіден (15,0% ж/ж) жоғары Астана қаласында (19,6%), Алматы қаласында (16,6%), Шығыс Қазақстан (16,4%), Солтүстік Қазақстан (16,2%), Түркістан (15,9%) және Жамбыл (15,3%) облыстарында өсті.

Ақылы көрсетілетін қызмет бағасы бір жылда 13,6%-ға дейін өсті, бұл ретте Ұлытау (17,5%), Түркістан (16,2%) облыстарында, Алматы қаласында (16,0%), Ақмола (15,9%), Маңғыстау (15,3%), Солтүстік Қазақстан және Жетісу (15,2%-дан) облыстарында, Шымкент қаласында (14,8%), Ақтөбе (14,5%) және Павлодар (14,4%) облыстарында мәндер жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрауыштары, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлікке жатпайтын инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	13,5	15,0	13,6
Ақмола	14,3	14,5	15,9
Ақтөбе	12,0	13,6	14,5
Алматы	13,1	12,3	12,5
Атырау	11,3	13,1	10,9
Батыс Қазақстан	13,7	13,5	13,6
Жамбыл	14,0	15,3	11,1
Қарағанды	14,2	13,3	13,3
Қостанай	14,1	14,7	12,4
Қызылорда	14,8	14,7	12,0
Маңғыстау	15,7	12,2	15,3
Павлодар	13,1	12,8	14,4
Солтүстік Қазақстан	15,1	16,2	15,2
Түркістан	12,1	15,9	16,2
Шығыс Қазақстан	13,9	16,4	11,7
Астана қ.	16,7	19,6	11,1
Алматы қ.	11,7	16,6	16,0
Шымкент қ.	11,6	14,9	14,8
Абай	14,3	15,0	10,1
Жетісу	13,9	13,9	15,2
Ұлытау	16,9	11,6	17,5

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2023 жылғы шілдеде елде айлық инфляция 0,6%-ды құрады, бұл тарихи орташа мәнненⁱ (2017-2021 жылдардағы шілдеде 0,3%) жоғары. Алматы, Атырау және Павлодар облыстарынан басқа барлық облыстарда 2023 жылғы шілдеде баға орташа тарихи мәнінен жоғары өсті. Ақтөбе, Жамбыл және Маңғыстау облыстарында бағаның өсуі орташа тарихи мәнін сақтады. Ұлытау облысында (1,0%) айлық инфляцияның ең жоғары мәні байқалды.

2-кесте. 2023 жылғы шілдедегі айлық инфляцияны 2017-2021 жылдардағы кезеңдегі орташа мәнмен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылғы шілдедегі орташа мәні	2023 жылғы шілде
Қазақстан Республикасы	0,3	0,6
Ұлытау	-	1,0
Қарағанды	0,4	0,8
Қызылорда	0,2	0,8
Астана қ.	0,2	0,8
Алматы қ.	0,1	0,8
Шымкент қ. ⁱⁱ	0,1	0,7
Батыс Қазақстан	0,4	0,6
Солтүстік Қазақстан	0,3	0,6
Шығыс Қазақстан	0,3	0,6
Жетісу	-	0,6

Өңірлер	5 жылғы шілдедегі орташа мәні	2023 жылғы шілде
Ақмола	0,3	0,5
Қостанай	0,2	0,5
Маңғыстау	0,5	0,5
Ақтөбе	0,4	0,4
Атырау	0,5	0,4
Абай	-	0,4
Жамбыл	0,3	0,3
Павлодар	0,4	0,3
Түркістан	0,1	0,3
Алматы	0,3	0,1

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулер

ⁱ Орташа тарихи мәндерді есептеу кезінде 2022 жылғы деректер есепке алынбайды, себебі бұл жылы қомақты өзгеріс болды.

ⁱⁱ Шымкент қаласы бойынша соңғы 4 жылдағы (2018-2021 жж.) орташа мән